

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2017 жылғы 4 сәуірдегі № 70 "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2019 жылғы 4 қазандағы № 283 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 8 қазанда № 5602 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2021 жылғы 15 қаңтардағы № 7 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 15.01.2021 № 7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 4 сәуірдегі № 70 шешіміне (2017 жылғы 26 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4145 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар):

2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік

сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге етініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;";

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі мен мөлшері осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді." ;

Қағидалардың 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Тайынша ауданы

*мәслихатының сессиясының
төрағасы*

С.Бекшенов

Солтүстік Қазақстан облысы

Тайынша ауданы

мәслихатының хатшысы

К. Шәріпов

"КЕЛІСІЛДІ"

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

К. Ақсақалов

2019 жылғы "___"

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2019 жылғы 04 қазандагы № 283 шешіміне қосымша Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтары жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына 1-қосымша

Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі мен мөлшері

р/ с №	Атаулы күндердің, мереке күндерінің атаулары және әлеуметтік көмек алушылар санаттары	Әлеуметтік көмек көрсету еселігі және мөлшері
--------------	---	---

Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні – 15 ақпан

1	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді коса есептегендеге); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіberілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аumaғынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яғни ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер.	жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіштері
2	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттін өтеу кезінде ауруға шалдыгуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер.	жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіштері
3	Басқа елдерде қымыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер.	жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіштері
4	Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алуудың, зақымданудың немесе ауруға шалдырудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары.	жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіштері
5	1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқа да мемлекеттерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер.	жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіштері
6	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Ауғанстанда уақытша, болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына енбекен жұмысшылары мен қызметшілері.	жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіштері

Халықаралық әйелдер күні - 8 наурыз

1	"Алтын алқа", "Күміс алқа", I және II дәрежелі "Ана Даңқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған көп балалы аналар.	жылына бір рет бес айлық есептік көрсеткіштері
---	--	--

Чернобыль атом электр станциясындағы апatty еске алу күні - 26 сәуір

1	1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаптар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар.	жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіштері
2	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаптар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары.	жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіштері
3	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаптар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары.	жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіштері
4	Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаптар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруна шалдырып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасылары.	жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіштері
5	1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар.	жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіштері

Отан қорғаушылар күні - 7 мамыр

1	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндеттің өтеу жиындарына шақырылған, коғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сактау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасылары.	жылына бір рет бес айлық есептік көрсеткіштері
2	Бейбіт уақытта әскери қызметтің өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары.	жылына бір рет бес айлық есептік көрсеткіштері

Женіс күні - 9 мамыр

1	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері.	жылына бір рет жүз айлық есептік көрсеткіштері
2	Қорғаныска қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарымен зейнетакы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептелген қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының әскери қызметкерлері.	жылына бір рет бес айлық есептік көрсеткіштері
3	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яғни сол кездерде қорғаныска қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери	жылына бір рет бес айлық

	қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетакы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген қалаларда болған адамдар.	есептік көрсеткіштері
4	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің , штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізі бала ретінде болған адамдар.	жылyna бір рет бес айлық есептік көрсеткіштері
5	Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одактастарына қарсы ұрыс қымылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар.	жылyna бір рет бес айлық есептік көрсеткіштері
6	Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теніз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мұдделерінің орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері әкипаждарының мүшелері.	жылyna бір рет бес айлық есептік көрсеткіштері
7	Коршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен үйімдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар.	жылyna бір рет бес айлық есептік көрсеткіштері
8	Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одактастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаган бұрынғы тұтқындары.	жылyna бір рет бес айлық есептік көрсеткіштері
9	Әскери міндеттін орындау кезінде жарапануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан, яғни майданда болуына немесе ұрыс қымылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндеттін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар.	жылyna бір рет бес айлық есептік көрсеткіштері
10	1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украина Кеңестік Социалистік Республикасы, Беларусь Кеңестік Социалистік Республикасы, Литва Кеңестік Социалистік Республикасы, Латыш Кеңестік Социалистік Республикасы, Эстон Кеңестік Социалистік Республикасы аумақтарында қымыл жасаған халықты қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндеттін атқаруга кезінде жарапануы, контузия алуы немесе закымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар.	жылyna бір рет бес айлық есептік көрсеткіштері
11	Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасылары, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасылары.	жылyna бір рет бес айлық көрсеткіштері
12	Екінші рет некеге тұрмадан, қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (куйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғыска қатысушылардың, партизандардың, астыртын құрес жүргізушілердің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығу, еңбекте мертігу және басқа да себептер (құқыққа	жылyna бір рет бес айлық

	кайшы келетіндерін қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған азаматтардың әйелдері (күйеулері).	есептік көрсеткіштері
13	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар.	жылына бір рет бес айлық есептік көрсеткіштері
Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні - 31 мамыр		
1	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аумағында саяси қуғын-сүргіннен тікелей зардал шеккен және қазіргі кезде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдар.	жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіштері
2	<p>Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне қуғын-сүргіндер колданылғанға дейін тұракты өмір сүрген адамдар мына төмендегі жағдайларда та на ла ды :</p> <p>1) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынан тыскары жерлерде қуғын-сүргіндерді кеңес соттары мен басқа да органдардың қолдануы;</p> <p>2) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұракты армия әскери трибуналдарының айыптауы;</p> <p>3) Қазақстаннан тыскары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шакырылғаннан кейін қуғын-сүргіндердің қолдануы;</p> <p>4) қуғын-сүргіндерді орталық одақтық органдар: Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Соты мен оның сот алқаларының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Айрықша бас саяси Басқарма алқасының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер халық комиссариаты - Мемлекет Қауіпсіздігі министрлігі - Ішкі істер министрлігі жаңындағы айрықша кеңестің, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Прокуратурасы мен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер халық комиссариатының Тергеу Истері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша қолдануы;</p> <p>5) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі елтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сотталған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, қуғын-сүргіндердің қолданылуы жағдайларында танылады.</p>	жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіштері
3	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстаннан күштеу арқылы құқыққа қарсы қоныс аударуға ұшыраған адамдар танылады.	жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіштері
4	Ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ қуғын-сүргін кезінде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының немесе олардың біреуінің қамқорлығының қалған саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары.	жылына бір рет жеті айлық есептік көрсеткіштері
Қазақстан Республикасының Конституциясы күні - 30 тамыз		
1	Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетакы тағайындалған адамдар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мәртебесі бар зейнеткерлер, облыстың (қаланың, ауданының) құрметті азаматтары.	жылына бір рет он айлық есептік көрсеткіштері
2	"Алтын алқа", "Күміс алқа", I және II дәрежелі "Ана данқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған көп балалы аналар	жылына бір рет бес айлық есептік көрсеткіштері

3	Құрамында бірге тұратын кәмелетке толмаган төрт және одан көп балалары бар қөпбалалы отбасылар, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру үйымдарын бітіретін уакытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйымдарында күндізгі оку нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасылар.	жылына бір рет бес айлық есептік көрсеткіштері
---	---	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК